




100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН

Кекілбаев кемеңгер

Әбіш Кекілбаев әдебиетке келген сол бір алпысынышы жылдар әлі есте. Ол бір ерекше жылдар еді. Жаңа заманның жылымығы есіп, сталиндік сең сықырлап еркіндік шуағынан жер құрсағы жіби бастаған. Сол-ақ екен әдебиет майданында жас өскін көк дүрк көтерілді. Соның алдында ғана «Абай жолы» әлемге қазақ рухын паш етіп төрткүл дүниені шарлап кеткен. Бұл эстафетаны «Қан мен тер» іліп әкетті. Оған іле-шала өмірге «Қаһар» келді. Сөйтіп куллі қазақ кітапқа қарқ болды. Бірақ оқыған үстіне оқығысы келді. Өз тарихынан ажыратылған қазақ, талай заман теңдік емес, кемдік көрген қазақ бұжылдарда жапатармағай өз тегін, өз тамырын тануға ұмтылған. Күні кеше төбесінде ұлтсыздық әңгіртаяғы ойнап өз өткенінен ажырай бастаған ұлттың осы жылдары өз өткеніне деген шөліркеуі, сусауы алабөтен еді. Ұлттық құндылықтар кәусарын аңсауы алабөтен еді. Сол шөлбасар кәусар алпысынышы жылдары атқылады. Ол кәусардың көзін ашқан жаужурак жазушылар болды. Қаламгерлер қазақ үшін құресті бастады. Дәл осы жылдарда, 1965, 1966, 1967 жылдарда әлі отызға толмаған уыз жас Әбіш «Ханша дария хикаясын», «Күй», «Шыңырауын» жазды. Таласа-тармаса оқыдық. Шыңыраудан сыр шерткен жас талант тамам жүртты тамсантты. Қазақ қара сөзі аспанында өзгеше бір үн күндей күркіреді. Бұл Кекілбаев үні еді.



Ол жылдары біз студент едік. «Ханша дария хикаясынан» алған әсерімізді айтып жеткізу қын. Шыңырау тұлға Шыңғыспен тұңғыш рет өз тілімізде таныстық. Алпыс екі айлалы, залымдығы жыландай, тағылығы құландай бұжылтың болмысы бұрынғы Шыңғыстардан бөлек болды. Бұл қулығына құрық түрмәк, сырық бойламайтын зымиян билеуші еді. Оны алдымызға жайып салған жасы әлі 27-ге толмаған жас жазушы Әбіш. Бізді осы таңғалдырды. Қалай таңғалмассың! Ұлы билеушінің мына төмендегідей сұмырай сырлары жас Әбіш қаламынан тамып жатса! Ал, тыңдал көрелік!

«Ағын суға әйтеуір аққан мұрат болса, өмір шіркінге де, әйтеуір, өткен мұрат. Адам пақыр да ағын суда жан-жағынан ықтырмалап, тықсыра құған толқынның жойқын пәрменімен жаны кіріп, делебесі қозып, делбендей беретін қу жаңқа тәрізді ғой: о да басын тасқа ұрып, суға ұрып жөңки беретін көп нөпірдің ішіне бір түскен соң, алды-артына қарап жарымайды. Ол пақыр да мынау желкелеп құған нөпір тірліктің баянсыздығын, өз қарекетінің пәтуасыздығын анау жағаға шығып қалған қой тастай сазға отырған күні бір-ақ біледі».

«Ол талайларды тамсантумен келеді. Әуелі өзімен қырғи-қабақ болған ағайындарын алдаң таңырқатты, олардың ауыздарын алып алған соң, дереу бастарын жалмап таңырқатты. Сосын біреуді орынсыз мадақтап, біреуді жазықсыз жазалап таңырқатты. Ол үшін істегенін жүрттың мақұлдаған-мақұлдамағаны бәрібір, әйтеуір, таңырқаса, таңданса болды. Қайта оған сол жүрттың құптағанынан гөрі, ұқпағаны керегірек».

«Ханша дарияда» Әбіш ұсынған ұлы билеушінің шиырман жан жықпилы осындей. Осылайша жас қалам бірінен-бірі өткен кексе ойларды кесек-кесегімен тастап жатыр. Қалай таңғалмассың! Сөйтіп әдебиет көгінде жаңа жұлдыз жанды. Соны көріп тамсандық. Бірақ жұмған аузымызды ашпадық. Жаңа жұлдызды шашылып мадақтамадық. Өйткені ол кезде біз өзіміз біреу білсе, біреу білмейтін көп шикінің бірі едік. Бірақ қолымызда қалам болған. Әлгіндей ағыл-тегіл әсерімізді айтып неге сол кезде ақтарылмадық?! Апыр-ай неткен қатыгез едік! Іштей мойындал, сырттай сірестік. Сақи сөзге сараң болдық. Сырттай сірескенмен, бұл кеменгерге іштей бірақ бас идік. Студенттік құндерден кейін бес-алты ай Алтайда жұмыс істеп, 1971 жыл басында Алматыға оралдық. Казкинокомитет дейтін мекеменің бас редакторы Қалтай аға Мұхамеджанов бізді өз қоластына редактор етіп алды. Сөйтсем, Әбіш аға осы мекемеге қарасты «Қазақфильмнің» бас редакторы екен. Жұмыс барысында танысып кеттік. Көп ұзамай Әбіш ағаны біз «Алматы» ресторанында өтетін үйлену тойымызға шақырдық. Осы той тізгінің қолға алуын өтіндік. Әбіш аға келісті. Дастанарқан басында жазушылардан Зейнолла Қабдолов, Қалтай Мұхамеджанов, Асқар Сұлейменов, Қалихан Ысқақов, Алтыншаш Жағанова, Мағзом Сұндетов, Сатыбалды Нарымбетов, Нұрлан Оразалин, Сағат Эшімбаев, Шәрбану Бейсеновалар болды. Әбіш аға талантына бұрыннан тәнті біз, осы той үстінде оның екінші бір даңғайыр қырын аштық. Судай төгілген шешендігіне куә болдық. Сөз тізгінің қолға алуы мұн, әншайінгі Әбіш мұлдем басқа Әбішке айналып кетеді екен. Қемекейі көсліліп сала береді екен. Сахараның шипа самалындаған таңдайынан суырылып сөз шипа өнеді екен. Бейнебір Бейіс нұры ескендей. Басқа тірліктің бәрін ұмыттық. Еңсілі залға сыймай мерекелеп сөз тұрды. Сөз салтанат құрды. Жамиғат соған таң, Әбіштің аузына қарап қалған қаңтарылып. Қек қақпасы ашылып, райыс нұры құйылғандай. Содан жан жадырап сәулеленіп бір мол қазынаға қарық болғандай. Төбеден жауһар жауғандай. Құлақ біткеннің құрышы қанып, көңіл біткен қазынага кенелген. Бұл қазына – жиналған жамиғат бұрын байқамай жүрген байлық. Сөз байлығы. Байлықтың көкесі сол екен.

Соны қалай ұмытқанбыз?! Шешен соны еске салып тұр. Сөйлеп тұр. Сөйлеген сайын қазақ тілінің айдарынан жел есіп, мейманасы тасып барады. Киеle сөз иесін тапқандай. Әбіш сөйлеген сайын қазақ сөзі құдіреттеніп, айдындаған барады. Апыр-ай деп біз отырмыз. Апыр-ай, ана тіліміздің алар асуы биік екен ғой. Терендігі теңіз екен ғой. Баға жетпес қазынамызды бағаламай жүр екенбіз ғой!

Сол күндерден бастап бір сұраққа жауап іздедік. «Ертеден шапса кешке озған, ылдидан шапса төсте озған» бұл сұнғыла сөз өнері Әбішке қайдан қонған деп. Мұның төркіні қайдан деп. «Тәңір берген талант қой!» деген жауап тіл ұшына шауып келе береді. Рас, алдымен Тәңір берген талант керек. Оған дау жоқ. Бірақ сол таланттың өзі құнарлы топыраққа түспесе не болар еді? Жапырақ жаяр ма еді? Мысалы, Әбіш ауылда туылмай, қазақ тілі қайрандаған қалада туылса нетер еді? Олжас ағамыздай орысшалап кетер еді, мүмкін. Абырой болғанда Әбіш ана тіліміз айрандай үйіған ауылда туылыпты. Шыр етіп дүниеге келгеннен туған тілінің әлдиіне бөленіп, узына жарыпты. Ес біліп, етек жинағаннан балалық шағы қырқыншы жылдарға дөп келіпті. Соның алдында ғана «қызыл қырғыннан» өткен қазақтың қатары сиресе де, әлі қазақылығы сүйылмаған еді. Қыыр жайлап, шет қонған даңқты қөшпелілердің бұжылдары өздері де, сөздері де тірі еді. Сызылып келіп келін құйған шай үстінде отырып олар – шежіре қарттар шешіліп сыр шертетін. Кешегі қөшпелілер, ат жалы, атан қомында өткен сол бір аңызға бергісіз дүбірлі дәүірін жыр ететін. «Пах, шіркін!» деп сары дала төсін сайғактай сайрандаған заманын әспеттеп әңгімені көсілтетін. Ауыл қарттарының сол аңызға бергісіз әңгімелерін қалқан құлақ қара бала Әбіш қалт жібермей тындалап отыратын. Сөйтіп көзін тырнап ашқаннан бала Әбіш қаймағы бұзылмаған қазақ тілінің узына жарыды. Дария кеуде, тау мұсін дала абыздарын тыннады. Тіл тұнығынан жүзіп ішті. «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз қадірін білген халықтың қазыналы мектебінен өтті. Майқы билерден тіні үзілмей келе жатқан шешендік өнер мектебінен өтті. Өкінішке қарай, «дария кеуде, тау мұсін» сол қарттар, даңқты қөшпелілерден қалған соңғы тұяқтар көп ұзамай тарих сахнасынан көшті. Ұлы дала төсін дүние жаралғалы дүбірлеткен киіз туырлықты қөшпендейлердің толағай тарихи жадын да өздерімен бірге ала кетті. Әбіш көрген, Әбіш тындаған шежіре қарттар сол жылдары қазақтың әр ауылында болатын. Сол қарттар өмірден өткенде қөшпендейлер өркениеті де біржола өмірден өтті. Келмеске кетті. Бірақ Ұлы дала төсінде ол өркениеттің өзі қалмаса да, қара бала жадында сөзи қалды. Кейін қара бала есейіп қолға қалам алғанда сол бабалар сөзі алдымен оны кешегі даңқты тегіне – тарихқа қарай тартты. Тілі тартылған бүгінгі тіршілік Әбіш сөзіне тарлық етті. Құлақта күмбірлекен бабалар сөзі өзінің кең құлашты кешегі эпикалық кеңістігін көкседі. Жазушының тарихи тақырыпқа сұнгуінің сырьы сонда жатты. Сол тақырыпқа қалам тартса болды, қаламы жорғалап сала берді. Жадында құжынаған көне дүние күбірі тарихи тақырыпқа келгенде жойқын дариядай актарылатын. Тұнғыш романы «Аңыздың ақырын» жазғанда жазушы сол күйді бастан кешті. Өйткені ол көне дүние күмбірі еді. Әмір Темір тарихы еді. Шынжыр балак, шұбар төс

жиһанкердің ордасында торға тұсken тотыдай сыланып жас тоқалы отыр. Әмірші айлап-жылдал жаһанды жаулаумен жүреді. Оның жолын тосып сарайда сарғайған жас тоқалының көзі күндердің күнінде көз алдында мұнара тұрғызып жатқан жас шеберге түседі. Жарты әлемді жаулауға шамасы келген Әміршінің, қойнындағы жас тоқалының жүргегін жаулауға шамасы келменті. Роман-әфсана осы туралы. Жарты әлемге әмірі жеткен Әміршінің жанындағы жарының жұдырықтай жүргегіне әмірі жетпегені туралы. Шынтуайтында, мәңгі жұмбақ, мәңгі шытырман адам жаны туралы. Адам жанының жан бармаған жықпыштарына барады жазушы. Шыңырауына сұнгиді. Айналып келгенде «Аңыздың ақыры» адам психологиясын індете зерттеген философиялық толғауға айналған.

Осы романды жазу үстінде ауқымды прозаға әбден төселген Кекілбаев қаламгер одан әрі XVIII ғасыр тарихын қопаруға кірісті. Архивтердің шаңын сілікті. Ақыры өз өміrbаянындағы ең көлемді де салмақты дүние «Үркөр», «Елең-алаң» романдарын жазды. Бұл романдардың бас кейіпкері Әбілқайыр. Ел басына күн туған алмағайып заманда ат белінен тұспеген баһадүр хан. Тірісінде де, өлісінде де басынан дау кетпеген тарихи тұлға. 1715 жылы хан Тәуке дүние салғаннан кейін оның орнына хан болған Қайып Ресейге елші салып қалмақтарға қарсы бірігіп күресуге шақырды. Бірақ орыс жағы қазақ ханының ол тілегіне үн қатпады. Жонғарларды қолдады. Қүшейіп алған жонғарлар 1723 жылы зенбіректерін түйеге теңдеп Қазақияға басып кірді. Бомбадай жарылған доп жұрттың зәресін ұшырды. Қазақ басына күн туды. Бір қақтығыста қалмақтар Әбілқайырдың әйелімен шешесін тұтқындал әкетті. Әбілқайыр орыстардан көмек сұрады. Орыс патшасы оны да елемеді, әліптің артын бақты. Орыс патшасына қазақ пен қалмақтың бірін-бірі әбден төмпештеп болып, әлсіреп келіп аяғына жығылғаны керек еді. Орыстың дегені болды. «Аңырақайда» қазақ пен қалмақ бір-бірін әбден төмпештеді. Екеуінің де ит сілікпесі шықты. Қазақтар Аңырақайда жонғарды жеңгенімен, Батыс Қазақстан бұз кезде теріскейдегі Еділ қалмақтарының, Жайық казактарының, башқұрттардың, ал түстігінде түрікпендер мен Хиуа хандығының шабуылынан көз ашпай тұрған. Сондықтан Әбілқайыр Аңырақайдан кейін Кіші жүз әскерін ертіп ат басын батысқа бұрды. Атажұртын қорғауға асықты. Осылайша Батыс Қазақстанға алты тұстан ауыз салған жауға қарсы Әбілқайыр, Бөкенбай, Есет, Шотан, Бақтыбайлар бастаған Кіші жүз әскері жалғыз күресті. Осынау алты тұстан жабылған алты жаудан да басқа Ұлы даланың шығысынан қалмақты тықсырып келе жатқан қалың Қытай төбесі де көрінді. Қазақ басына күн туды. Ел мен жер талауға түсіп, тістегеннің аузында, жұтқанның жұмырында кетуге айналды. Тұс-тұстан тықсырған отқарулы жауға қарсы отқарусыз боздақтарды қарсы салу қазақты оқса байлау еді. Халықты қынадай қыру еді. Ел басына төнген осы нәубетті елестеткен Әбілқайыр, Бөкенбай, Есеттер күндіз күлкі, түнде үйқыдан айырылды. Отқарулы орысқа бас иіп тағы елші салды. Одан басқа амал таппады. Әбілқайыр орыс патшасынан Кіші жүзді де Еділ қалмақтары, башқұрттар сияқты өз қамқорлығына алуды сұрады. Орыс патшасының күткені де осы еді. Қазақтың келіп аяғына жығылғаны еді. Әбілқайырдан осы хатты

алысымен Тевкелев бастаған орыс елшілігі ентелеп хан ордасына жетті. Тевкелев қазақтар орыс патшасына адалдыққа бас иіп бодан болуға аnt берсе, орыс патшасы оларды қанатының астына алады деп сендерді. 1731 жылы қазанның 10 күні Әбілқайыр бастаған Кіші жұздің 27 биі Ресей империясына адалдыққа аnt берді. Бірақ олар қол қойған хатта «бодандық» деген сөз жоқ еді. «Бодандық» деген сөзді орыс аудармашылары өз қолдарымен өздері қосқаны бүгінде белгілі болып отыр. Аnt бергеннен кейін Әбілқайыр орыс әскері енді қазақты қорғайды деп имандай сенді. Бірақ Кіші жұз қазақтары көп ұзамай көресіні орыс казактарынан көре бастады. Осынау XVIII ғасыр зұлматы ел басына түскен бітпес лаңның бел ортасында жүрген Әбілқайыр қасіреті, ит талаған терідей жыртылған қазақ қасіреті жазушының «Үркер» мен «Елең-алаң» романдарына арқау болды. Елім деп еніреген ер Әбілқайыр. Халқы үшін қасық қаны қалғанша арпалысқан хан. Осы жолда басы кеткен тарихи тұлға. Ішкі жау мен сыртқы жау ауыз жаласып қайыспас ханды қақпақылға айналдырып ақыры ит қорлықпен өлтірді. Ең өкініштісі денсаулығы сыр берген Кекілбаев кеменгер Әбілқайыр туралы осынау қайғылы саганы аяқтай алмай өмірден өтті. Әбілқайыр туралы саганы аяқтау Әбекеңнің аяулы арманы еді. Алайда, бұжгалғанда адам пенденің қай дегені болған?! Басы сайран дүниенің қашанды соңы ойран.

Енді абыз Әбіштің үшінші бір үлкен қыры туралы. Аt жалын тартып мінгелі ол әр алуан мемлекеттік қызметтің құлағында ойнады. Үстікшілік күйіп, сұығына тоңды. Қызығын да, шыжығын да көрді. Әсіреле тәуелсіздік жылдары Тәуелсіз Қазақстанға лауазымды креслоларда отырып қызмет етті. Қайраткерлік пен қаламгерлік оның қос қанаты болды. Саясат майданында сұрылған қайраткерлігі кеменгердің үшінші үлкен қыры еді. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев оның осы қырын жоғары бағалап «Еңбек Ері» атағын берді.

Кекілбаев кеменгердің төртінші қыры – оның ойшыл сыншы, көсемсөзшілік қыры. Ендеше, көсемсөзші Кекілбаевтың өз сөзіне құлақ түрелік!

«Көп ғасырға созылған бодандық бізді, Құдай сақтағанда, ассимиляцияға түсіріп үлгере алмады. Ал өз мәдениетімізді өтейсініп, өзге мәдениетке бауыр бастыратын акккультурацияға ұшыраудай ұшырадық. Ұлттық элита өз мәдениетін, өз тілін өзі қомсынып, сол арқылы өз халқын өзі кемсітүге әдеттенді. Өзі болып өмір сүруге арланып, өзге болып көрінуге тырысатын сырты жылтырақ, іші қалтырақ рухани алыпсатарлық қалыптасты. Бұл ұлттық элитаны үстем мәдениеттің жағымпаз жандайшабына, неден болса да тайынбайтын тілалғыш қолбаласына айналдырды. Олар отаршылдар кетсе ойбай ойсырап қаламыз деп байбаламдады. Мұны біз бастан кешудей-ақ кештік. Әлдеқашан мемлекеттік статус алған тіліміздің әлі күнге мәртебесіне сәйкес пәрмен ала алмай жүргені тіліміздің жұтандығынан емес, өзіміздің кісілік жұтандығымыздан. Тоталитаризм мен отаршылдық психологияға әбден бауыр басып, ғасырлар бойы салпақтаған соқпақтан шыққысы келмейтін ұлттық нигилизмнен. «Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болады, құлша тәрбиелесең құл болады» деп

А.Байтұрсынов бабамыз айтпақшы күні кешеге дейін құлша тәрбиеленгенімізден. Тіл туралы Занды жүзеге асыруды әуелі білім беруден бастауымыз керек еді. Қазақ тілін жай үйретіп қоюмен шектелмей, барлық пәндерді барлық деңгейде толыққанды қазақша беруді жүзеге асыруымыз керек еді! Сонда ғана қазақ тілі білім тіліне айналар еді».

Мінеки, Әбіш ойшыл осылайша қалам тербейді. Ойларының от қызыуы әлі басылмаған. Ұлтын сүйген ұлы жүрек үні шамырқанып шамданып шиыршиқ атады. Советтен қалған шерменделік төбесіне найзағайдай ұрады. Сыншыл ойшылдың соңында осындай бес томдық ой мұрасы қалды «Сыр десте» атты. Білген жанға бұл жерде айтылмаған сөз қалмаған. Тәуелсіздік туын көтерсек те, еңсе көтере алмай жатқан мешел санамызды мінеп сілкитін қаншама жасын сөздер жатыр бұл мұрада. Әбіштанушы ғалымдар үшін түпсіз байлық тұнып тұр. Тек сүзіп ала бер. Халқыңын керегіне жаратада біл! Сонда Әбіш сөзі саңқылдап қазақ үшін қүрестің көш басында жүрмес пе еді?! Сонда Әбіштің өзі де ұлт үшін ұлы қүрестің көш басында жүрмес пе еді?! Сөзі естіліп тұрса өзі де арамызда балпаң басып жүрмес пе еді?! Әбішті туған Ұлы далада сойқанды сөздің небір сойлары өткен, Майқы би, Жиренше, Асанқайғы, Доспамбет, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Бұқар, Махамбет, Мөңке, Сүйінбай, Абай, Жамбыл, Мұхтар сынды сойлар өткен... арамызда Әбдіжәмілін қалдырып. Сол алыптардың соңында Әбіш барда қазақтың құдіретті қара сөзі жетімдік көрмеп еді. Әбіштің тілімен қазаққа сол алыптар тіл қатып тұргандай болатын. Енде, сарғайтып сөрелерде жатқызып қоймай эфирлерден Әбіштің сөзін сөйлетіп отыру жаңа заманға қаратып сол алыптардың өзін сөйлетіп отырумен бірдей болар еді. Одан тек шашасына шаң жүқтүрмас шешендік, қазақтың қара сөзінде көсілген көсемдік кана ұтар еді! Тіліміздің жайнаған туы желбіреп тұрап еді.

Абыздың бесінші қыры – деректі прозасы. Бұл жанрды бүгінде ғылыми-көпшілік жанры деп те атайды. Бұл жанрда да Әбекен өндіріп жұмыс жасады. Кеменгер осы қырынан алғаш рет ертеректе атажұрты Маңғыстау туралы жазылған «Ұйқыдағы арудың оянуы» атты көлемді эсесімен көрінді. Соңғы рет бұл салада бағындырған биігі Исатай-Махамбет көтерілісіне арналған және сол заманды індете зерттеген деректі кітабы «Шандоз» болды. Дақпыртты күні бүгінге дейін кісінің тұн ұйқысын төрт бөлген осынау «ереуіл атқа ер салған, егеулі найза қолға алған» Исатайдай батырың, Махамбеттей ақының ел тоздырған езгіге қарсы арыстандай атылып шамырқанып шарт сынған дубірлі жылдар туралы шындықтың шаңын тағы да бір сілкіп оқырманға ұсынды.

Абыздың алтыншы қыры және әбіштанушылар айналып өтпеуге тиіс бір қыры оның алпамса адами болмысы еді. Мына қысқа күнде қырық құбылған қырқылжың тірлікте оның жер қозғалса қозғалмас кісілік кесек болмысы еді. Ұзында өші, қысқада кегі жоқ тақуа тазалығы еді. Қазақ баласына қылдай қиянаты жоқ, ал алда-жалда қияннантың өзі келіп жағасынан ала түссе де ала жіпті аттай алмай тұратын әулие жүрек Әбіш еді. Жалған дүниенің тек жыртығын жамауга ғана жаралғандай жан еді. Ол бейопа мына жалғаннан кісілік қыбласынан қылдай да бір ауытқымай өтті. Арына

қылаудай кір қондырмай өтті. Ондай жанның алдынан о дүниеде жеті тозақ жабылып, сегіз бейіш ашылуға тиіс. Жаны жәннатта болуы тиіс!

Кекілбаев кеменгердің жетінші қыры – ақындығы. Әдебиетпен әуестене бастаған кезінде өлең жазбаған қаламгер кемде-кем. Өнердегі үлкен жолын бала Әбіш те өлеңнен бастады. Өлеңдер жинағын да шығарды. Қаламы қатая келе, қара сөзге ауысты. Поэзия алауы адамға деген махаббат алайда жүргінде өмір бойы өшпестен кетті.

Кекілбаевтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі туралы көп айтылды және айтыла да бермек. Бірақ біздіңше айтылмай жүрген бір әңгіме бар, ол – Кекілбаев кеменгердің жалпы сөз өнеріміздің, яғни ана тіліміздің алар асуын биіктеткені туралы, сұнгір тұңғының тереңдеткені туралы, көслер көкжиегін кеңейткені туралы, парасат потенциалын анықтап ашып кеткендігі туралы әңгіме. Біз үшін, яғни одан кейінгі қалам ұстаған қауым үшін бұл Кекілбаев кеменгердің сөз майданында қалдырған ең басты баға жетпес мұрасы. Өйткені Кекілбаев мұрасында өзіне дейінгі құллі қазақ сөз өнерінің бай тәжірибесі тоқайласты. Тоқайласып қана қойған жоқ жаңаша жаңғырды. Яғни, қазақ қара сөзі жаңаша дамыды. Қазақ қара сөзі демек ендігі жерде дамығысы келсе, жаңа асуларды алғысы келсе, ендігі жерде Әбіш мұрасын айналып өтуі мүмкін емес. Қазақ қара сөзі ендігі жерде өмір сүргісі келсе, өлгісі келмесе, өшкісі келмесе телегей теңіз Әбіш мұрасына ие болуы керек. Әбіш мұрасын игеруі керек. Бұл сөз өнеріміздің, тіл өнеріміздің бұдан кейінгі дамуына кепіл. Әбіш мұрасы, Әбіш миссиясы осынысымен қымбат.

Смағұл ЕЛУБАЙ